

Сенімхат негізінде көлік құралдарын пайдаланатын адамдарды тіркеу және есепке алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 тамыздағы N 504 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 19 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3840. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2014 № 862 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сенімхат негізінде көлік құралдарын пайдаланатын адамдарды тіркеу кезінде ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелері қызметінің тиімділігін одан әрі жетілдіру және арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сенімхат негізінде көлік құралдарын пайдаланатын адамдарды тіркеу және есепке алу ережесі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана, Алматы қалалары ПД-нің бастықтары жол полициясы қызметкерлерінің Ереже талаптарын зерделеуін және орындауын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры А.Ж.Шпекбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаментіне (Ө.Т.Түсімов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 3 т а м ы з д а ғ ы
N 504 бұйрығымен бекітілген

Сенімхат негізінде көлік құралдарын пайдаланатын адамдарды тіркеу және есепке алу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшелерінде (бұдан әрі - жол полициясы бөлімшелері) сенімхаттар негізінде көлік құралдарын пайдаланатын адамдарды (бұдан әрі - сенімді адамдар) тіркеудің және есепке алудың бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Сенімді адамдарға белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

2. Жұмысты ұйымдастыру

3. Сенімді адамдарды тіркеу және есепке алу "Сенімхат" автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйесін (бұдан әрі - ААІЖ) құру арқылы жүзеге асырылады. Осы ретте Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - ІІМ) Ақпараттандыру және байланыс департаментінің (бұдан әрі - АЖБД) автоматтандырылған деректер банкі бойынша, сондай-ақ тіркеу фактісі бойынша көлік құралдарын автоматты түрде тексеру орындалады.

4. ААІЖ-нің автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі - АЖО) байланыс, күзет және өрт қауіпсіздігі құралдарымен жабдықталуы тиіс жол полициясының әрбір тіркеу бөлімшесінің арнайы үй-жайында орналасады.

5. АЖО-да ААІЖ-ні бағдарламалық қамтамасыз ету орнатылуы тиіс.

6. Сенімді адамдарды есепке алу көлік құралының тұрақты тіркелген жері бойынша немесе сенімді адамды тұрақты не уақытша тіркеу бойынша сенімхатты алған күннен бастап он күн ішінде жол полициясының тіркеу бөлімшелерінде жүргізіледі.

3. Технологиялық процесс

7. Сенімді адамдар жол полициясының тіркеу бөлімшелеріне тіркеу үшін өтініш жасаған кезде жол полициясы тіркеу бөлімшесінің жауапты қызметкері
А А І Ж - г е м ы н а д а й :

1) көлік құралы туралы мәліметтерді (маркасы/моделі, шығарылған жылы, қозғалтқыштың нөмірі, шанақтың нөмірі, шассидің нөмірі, мемлекеттік нөмірлік тіркеу белгісі, көлік құралын тіркеу туралы куәліктің сериясы және нөмірі (бұдан әрі - КҚТК), КҚТК-нің берілген күні);

2) көлік құралының иесі туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні);

3) сенімді адам туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жынысы, жеке басын куәландыратын құжаттың сериясы, нөмірі және берілген күні, құжатты кім және қашан берді, СТН, тұрақты не болмаса уақытша тіркелген мекен-жайы);

4) соның негізінде көлік құралын пайдаланатын сенімді адамның құжаты туралы деректерді (құжаттың атауы, сериясы және нөмірі, кім және қашан берді, тіркелген күні, сенімхаттың түрі, тізілім бойынша берілген нөмірі, құжаттың қолдану мерзімі) енгізуді қамтамасыз етеді.

8. Осы Ереженің 7-тармағының 1), 2), 3)-тармақшаларында көрсетілген деректерді ААІЖ-ге енгізу кезінде Ішкіісмині АжБД-нің автоматтандырылған деректер банкі бойынша көлік құралдарының нөмірлік агрегаттарын және сенімді адамдарды, көлік құралын тіркеу заңдылығын тексеруге сұрау салу автоматты түрде қалыптасады.

9. Тіркеу әрекеттері аяқталғаннан кейін сенімхатта, соның негізінде сенімді адам көлік құралын пайдаланатын мынадай құжаттар:

1) жол полициясы тіркеу бөлімшесінің атауы;

2) сенімхаттың тіркелген күні;

3) жол полициясы тіркеу бөлімшесінің жауапты қызметкерінің тегі және а т ы - ж ө н і к ө р с е т і л е д і .

Аталған мәліметтерді ААІЖ-ге енгізу, сенімхатты жол полициясы тіркеу бөлімшесі жауапты қызметкерінің қолымен және мөрімен растау сенімді адам өтініш жасаған сәттен бастап сол жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

10. Күн сайын жұмыс күні аяқталғаннан кейін сенімді адамдарды тіркеу тізілімі қалыптасады.

11. Тізілімдер жеке томдарға жүз парақтан тігіледі және үш жыл бойы сақталады.

12. Қазақстан Республикасы ІМ АжБД-нің сенімді адамдарды тіркеудің бірыңғай деректер базасын әрі қарай қалыптастыру үшін облыстардың, Астана, Алматы қалалары Ішкі істер департаменттерінің ақпараттандыру және байланыс бөлімшелеріне аптасына кемінде бір рет сенімді адамдарды тіркеу туралы деректерді жібереді.